
QAZINDUSTRY

ГОРНО-МЕТАЛЛУРГИЧЕСКАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ
ЯНВАРЬ-АВГУСТ 2026 г.

13 973
МЛРД ТГ.



ИФО

ДОБЫЧА МЕТАЛ. РУД – **101,6%**

МЕТАЛЛУРГИЯ – **97,3%**

$ 10,8 МЛРД




ЭКСПОРТ



РЫНОК


$ 2,1 МЛРД



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за **январь-июль 2026** г.

ОБЪЕМ ПРОИЗВОДСТВА В РАЗРЕЗЕ РЕГИОНОВ ЗА ЯНВАРЬ-АВГУСТ 2026 Г., МЛРД ТЕНГЕ





АО «Казахстанский центр индустрии и экспорта «QazIndustry»
РК, 010000 г. Астана, пр. Кабанбай Батыра, 17, тел: +7 (7172) 79 33 90 www.qazindustry.gov.kz

2026 жылғы қаңтар-тамыздағы тау-кен металлургия кешені

2026 жылғы қаңтар-тамызда ҚР **тау-кен металлургия саласындағы (ТМК) өндіріс көлемі 14,0 трлн теңгені** құрады, бұл 2025 жылғы сәйкес кезеңдегі көрсеткіштен құндық мәнде **25,9%-ға жоғары**.

Металлургия өнеркәсібінің құрылымында негізгі үлес түсті металлургияға тиесілі – **6 990 млрд теңге**, қара металлургиядағы өндіріс көлемі **1 908 млрд теңгені** құрады. Металл кендерін өндіруде негізгі үлес түсті кендерді өндіруге тиесілі – **4 686 млрд теңге**, қалған бөлігі темір кендерін өндіруге келеді – **367 млрд теңге**.

2026 жылғы қаңтар-тамызда **металл кендерін өндірудің НКИ 101,6%** құрады. Бұл ретте **темір кендерін өндірудің НКИ 97,7%** болды. Төмендеу темір кендерін өндіру көлемінің қысқаруымен *(95,4%)*, оның ішінде Ресей Федерациясына жеткізілімдердің тоқтатылуына байланысты «ССКӨБ» АҚ-да өндірістің **22,3%-ға** төмендеуімен байланысты.

Түсті металдар кендерін өндірудің НКИ 101,9% құрады. НКИ-дің өсуі құрамында алтын бар кендерді өндіру көлемінің ұлғаюымен *(111,4%)* байланысты.

2026 жылғы қаңтар-тамызда **металлургиялық өндірістің НКИ 97,3%** құрады.

Түсті металлургиядағы НКИ 94,9% құрады. НКИ-дің төмендеуі мынадай өнім түрлерін өндіру көлемінің қысқаруымен байланысты: өңделмеген және жартылай өңделген немесе ұнтақ түріндегі алтын *(89,6%)*, аффинаждалған алтын *(87,5%)*, өңделмеген алюминий (алюминий оксиді) *(89,4%)*, өңделмеген мырыш *(86,6%)*, тазартылған қорғасын *(88,4%)* және т.б.

Қара металлургиядағы НКИ 102,0% құрады. НКИ-дің өсуі қайта балқытуға арналған шойын *(105,8%)*, өңделмеген болат *(104,4%)*, қоспаланбаған болаттан жасалған өзектер мен шыбықтар *(112,0%)*, әртүрлі диаметрдегі болат құбырлар мен қуыс профильдер *(131,4%)* өндірісінің ұлғаюымен байланысты.

Металлургия өнімдерінің экспорты 2026 жылғы қаңтар-шілдеде 2025 жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда **30,2%-ға өсіп**, **10 832,9 млн АҚШ долларын** құрады. Оның ішінде қара металлургия өнімдерінің экспорты **2 525,6 млн АҚШ долларын** *(2025 жылғы қаңтар-шілдемен салыстырғанда +3,7%)*, түсті металлургия өнімдерінің экспорты **8 307,3 млн АҚШ долларын** *(2025 жылғы қаңтар-шілдемен салыстырғанда +41,2%)* құрады.

Металлургия өнімдері экспортының құндық құрылымында негізгі үлес мысқа *(жалпы экспорт көлемінің 30,9%)*, ферроқорытпаларға *(11,2%)*, жалпақ прокатқа *(8,3%)*, күміске *(8,2%)*, алтынға *(3,8%)*,

мырышқа *(3,3%)*, алюминийге *(2,8%)*, болат шыбықтарға *(1,7%)* және басқа өнімдерге тиесілі.

Металлургия өнімдері экспортының **30,2%-ға өсуі** сыртқы сұраныстың артуы мен әлемдік бағалардың өсуі, сондай-ақ күміс жеткізілімдерінің *(2,3 есе)*, мыс жеткізілімдерінің *(+49,4%)*, алтын жеткізілімдерінің *(+35,6%)* және басқа өнімдер экспортының ұлғаюы сияқты бірқатар факторларға байланысты.

2026 жылғы қаңтар-шілдеде ҚР металлургия өнімдерінің негізгі өткізу нарықтары **Қытай (29,8%), Түркия (20,2%), Ресей (16,7%) және Ұлыбритания (6,7%)** болды.

Металлургия өнімдерінің импорты 2026 жылғы қаңтар-шілдеде 2025 жылғы қаңтар-шілдемен салыстырғанда **2,6%-ға өсіп**, **2 132,3 млн АҚШ долларын** құрады.

Бұл ретте қара металлургия өнімдерінің импорты 2025 жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда **6,6%-ға төмендеп**, **1 598,9 млн АҚШ долларын** құрады, ал түсті металлургия өнімдерінің импорты **45,6%-ға өсіп**, **533,4 млн АҚШ долларына** жетті.

2026 жылғы қаңтар-шілдеде металлургия өнімдері импортының құндық құрылымында жалпақ прокат *(18,0%)*, болат шыбықтар *(15,2%)*, алтын *(12,1%)*, дәнекерленген құбырлар *(10,4%)*, жіксіз құбырлар *(9,0%)*, болат дайындамалары *(7,0%)* және басқа өнімдер басым болды.
2026 жылғы қаңтар-шілдеде ҚР-ға металлургия өнімдерін негізгі жеткізушілер **Ресей (67,5%), Қытай (22,9%) және Өзбекстан (1,4%)** болды.

2026 жылғы қаңтар-шілдеде **ҚР металлургия өнеркәсібі нарығының көлемі 7,9 млрд АҚШ долларын** құрады. Оның ішінде **отандық тауар өндірушілердің (ОТП) үлесі 73,1%**, импорттық өнімнің үлесі **26,9%** болды.

Сала төрт өңірде: Астана қаласында, Қарағанды облысында, Шығыс Қазақстан облысында және Павлодар облысында жоғары аумақтық шоғырлануымен ерекшеленеді.

2026 жылғы қаңтар-тамызда ҚР металлургиялық өндірісінің құрылымында **Астана қаласының үлесі 18,3%**, **Қарағанды облысының үлесі 18,3%**, **Шығыс Қазақстан облысының үлесі 15,1%**, **Павлодар облысының үлесі 11,4%** құрады.